

20 Желтоқсан
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



Балалар жылы аясында Астана қаласында халықаралық конференция өтіп, онда балалардың құқығын қорғау саласындағы өзекті мәселелер талқыланды, ауқымды жоспарлар пысықталды. Айтулы іс-шараға Чехия, Хорватия, Мажарстан және Қырғызстан елдерінен келген сарапшылар қатысты. БҰҰ-ның елдегі тұрақты үйлестірушісі, Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) елдегі өкілі, бала құқықтары, адам құқықтары жөніндегі уәкілдермен қатар педагогтер, ата-аналар мен балалар да осы кездесудің ортасында болды.

Конференция алдымен Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов білім саласында биыл орындалған жоспардың ретін, яғни Балалар жылында іске асқан жұмыстардың қорытындысын баяндады.

— Балалар жылы аясында қолға алынып, іске асқан жобалардың барлығы — балалардың игілігі үшін. Биыл білім беру ұйымдарында балалардың тамақтануын жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Тамақтану сапасын арттырып, құнын реттеу және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды енгізу бөлігінде Тамақтануды ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Мектептегі тамақтануды қоғамдық бақылау жанданды. Апатты мектептерді, үш ауысымды оқытуды және орын тапшылығын жою үшін

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы әзірленді. Бағдарламаға сәйкес қалалар мен ауылдарда 401 мектеп салынады. Оқушылардың қауіпсіздігі үшін «School bus» жобасы аясында шалғай ауылдардағы елді мекенде тұратын балалардың мектепке қатынауына жағдай жасап отырымыз. Биыл жаңа үлгідегі 500 автобус сатып алынды. Барлық білім беру ұйымында бейнекамера, тиісті дабыл түймесін орнату мәселелері қарастырылуда. Бұл шаруа да — біздің ерекше бақылауымызда. Қазір мектептерде мектепшілік парламенттер құрдық. Осы оң өзгеріс балалардың құқықтық, саяси сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Маңызды бастаманы біз әрі қарай жалғастыруымыз керек. Сол секілді «Кітапқа құштар мектеп» деген жобаны бастадық. Осылайша, балалардың дүние-«жүзілік әдебиеттерді мемлекеттік тілде оқуына көңіл аударып жатырмыз. Мектептерге және басқа да білім беру ұйымдарындағы кітапханаларға миллиондап қазақ, орыс тіліндегі көркем әдебиеттер үлестірілді. Бұл игіліктің барлығы Балалар жылымен шектелмейді. Үйлесімді бастамалар балалардың қауіпсіздігі, болашағы үшін жалғаса береді, — деді А.Аймағамбетов.

Биыл балалардың колледжде тегін білім алуына 130 мыңға жуық грант бөлінген. Министрлік мектептегі әлімжеттіктің алдын алу

үшін психологтердің жұмысын тиімді ұйымдастыратын ауқымды жоба енгізуді көздеп отыр. Бұған қоса ерекше балаларды тегін, сапалы біліммен қамту жайы да өзекті.

Конференцияда еліміздегі адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Өзімова мен бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин бала құқықтарына қатысты мәселелерді ортаға салды.

— Бала құқықтары БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясымен, Неке және отбасы туралы кодекспен, Бала құқықтары туралы заңмен бекітілген. БҰҰ бала құқықтары туралы конвенциясын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін растай келе, 2016 елде бала құқықтары туралы уәкілетті институт құрылды. Кейінгі 10 жылда ерекше қабілетті балалардың саны екі есе артқаны байқалады. Демек жол картасына сай жұмыс істеу керек. Келешекте мектептегі балалардың бір мезгіл тегін тамақтануына жағдай жасау маңызды. Себебі ата-ана балалардың бәріне бірдей жағдай жасай алмайды. Балалардың жетін тамақтануы туралы ережесін енгізуге біз де барынша жәрдемдесеміз. Сол секілді мектепке бірыңғай мектеп формасын енгізу қажет. Енгізсек, балалар арасындағы теңсіздікке жол берілмей, жеңіл өнеркәсіп, отандық өнім дамиды. Оқушы мектепте тегін тамақтанып, сапалы білім алумен

қатар спортпен шұғылдануы тегін болса, кейінгі жаңа толқын балалар елдің патриоты болып тәрбиеленеді. Кейін оларды мен Отаным үшін не істей аламын деген сауал толғандырады. Балаларға қолдау көрсетіп жүрген үкіметтік емес ұйымдарға, денсаулық, білім, әлеуметтік қорғау саласындағы азаматтарға алғысымды білдіремін. Бар жақсылық балаларға болуға тиіс, — дейді А.Саин. Тағы бір жағымды жаңалық, биыл елде алғаш рет балалардың хал-ахуал индексі әзірленді. Осы жаңашылдық негізінде еліміздің әр өңіріндегі балалардың сұранысын анықтап, білімге, денсаулық сақтауға, инфрақұрылымға, зорлық-зомбылықтан қорғауға және тұрғындардың әлеуметтік ахуалын арттыруға серпін беретін ең маңызды индикаторлар таңдалған. Бір сөзбен айтқанда, балаларға жан-жақты қолдау көрсетудің тағы бір тиімді тетігі — осы. Конференцияда БҰҰ-ның еліміздегі тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори министрліктің Балалар жылы аясында қолға алған бастамаларына оң баға берді.

— Мен бүгінгі конференцияға қатысып отырғанымға қуаныштымын. Бұл конференцияға өз қатарластарының құқықтарын қорғау бойынша жұмыс істейтін балалардың қатысқаны да өте жақсы. Елімізде балалардың әл-ауқатына ерекше назар аударылады. Балаларға салынатын инвестициялар — бұл болашаққа салынатын қаржы. Қазақстан осы бағытта нәтижелі іс-шаралар қабылдап келеді. Бала құқығына қатысты мәселелерді көре білудің өзі — балаларды қорғау бағытындағы үйлесімді жұмыстардың бастамасы. Баланың дауысы бұл — ақиқат дауысы, — дейді ол. Ізін ала сөз сөйлеген БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) елдегі өкілі Артур ван Дизен де жас жеткіншектердің мәселесін бір жылды Балалар жылы деп бекітіп, сол уақыттың шеңберінде түбегейлі шешу мүмкін емес екенін айтады. Десе де ол елімізде балалар құқығын реттеу мақсатында ауқымды жұмыстар үйлесімді басталғанын жеткізді. Конференция барысында баяндамашылар балалардың құқығы, қауіпсіздігінен бөлек, әлеуметтік теңсіздік тұрасында да елдегі түйткілді мәселелерді ашып айтты.

Сондай-ақ конференцияға келген қонақтар жоғары сыныпта оқитын балалардың да ұсыныс-пікірін тыңдады.

Сәндібек АСАНӨЛІ,
«Egemen Qazaqstan».

АҚТӨБЕДЕ «ЕҢБЕГІ ЖАНҒАН АРУЛАР» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ



Осымен екінші рет ұйымдастырылған форумды Ақтөбе облысының әкімдігі мен Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының Ақтөбе облыстық филиалы ұйымдастырды. Шараға Түркия, Өзбекстан, Ресей Федерациясынан, сондай-ақ, облыстық 12 ауданынан келген іскер әйелдердің басын қосты. Мұндағы мақсат — Қазақстанда жұмыс істейтін әйелдердің мәртебесін көтеру, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын әйелдердің кәсіпкерлік әлеуетін ілгерілету. Форумға қатысушылар

еліміздің экономикалық әлеуетін іске асыруда әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың рөлін талқылады, сондай-ақ әйелдер бизнес-жобаларды дамыту, оның ішінде ауылдық жерлерде іске асыру және қолдау мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды. Алқалы басқосу аясында өз күшімен ісін бастаған ақтөбелік кәсіпкерлердің тауарлары қойылған көрме ұйымдастырылды.

Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖАРТЫЛАЙ ДАЙЫН ӨНІМ ДАЙЫНДАЙТЫН „TOMIRIS“ ДҮКЕНІ АШЫЛДЫ



Жуырда жартылай дайын өнім дайындайтын «Tomiris» дүкенінің ашылуы өтті. Жаңадан ашылған дүкеннің тұсауын әулеттің үлкендері қиды. Жеке кәсіпкер Салтанат Қалдығұлова «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн. теңге қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін бастады. Дүкенде тұшпара, манты, самса, жайма және басқа да өнімдер дайындалады. Сонымен қатар қарапайым халыққа қолжетімді бағада барлық азық-түлік және ет өнімдері бар. Салтанат 2022 жылы мамыр айында «Атамекен» ҚР Ұлттық палатасынан мемлекеттік грант алуға қатысады. Кәсібін бастағысы келген келіншек осы жылдың маусым айында бизнес жоспарын сәтті қорғап, қайтарымсыз 2 млн. теңгені ұтып алады. Бұл қаржыны кәсіпкер өндіріске қажетті заманауи құрал-жабдықтарға жұмсаған. Яғни, тоңазытқыш, мұздатқыш, ет тартқыш, қамыр илейтін және қамыр араластыратын аппарат, үстелдер сатып алды. Салтанаттың негізгі маман-

дығы инженер-технолог. Өз қызушылығын мамандығымен ұштастыра білген көп балалы кәсіпкер: -«Бастау Бизнес» курсына кәсіпкерлікті қалай бастаудан бастап, оны қалай жүргізу, дамыту қажеттігін толығымен меңгердім. Қазір ауыл тұрғындарының қазанға салып, бір қайнатып ала қоятын жартылай дайын өнімдерге сұранысы артқан. Сұраныс өте жоғары. Бүгінде бізде күніне 15 килограмм өнім өндіріледі, - дейді. Етті шикізат ретінде «Еңсеген», «Сағын» шаруа қожалықтарынан алады екен. Қазіргі таңда 1 адамды жұмыспен қамтып отыр. -«Үй өнімдері сұранысқа ие болғандықтан алдағы уақытта тұрғындардың таңдауына сай саңын еселей түсіп, өнімдерді өзге де дүкен, ауылдарға тасымалдап кәсіпімді кеңейтуді жоспарлаудамын. Сұраныс бар жерде сапа да жоғарыламақ» - дейді. Салтанаттың алдағы ісіне сәттілік тілейміз!

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ЖЕЛТОҚСАН КҮӘГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ШАРА



Өткен бейсенбі Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы мен «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының ұйымдастыруымен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының куәгерлерімен кездесу өтті. Кештің басты мақсаты-тәуелсіздіктің қандай қиындықпен келгенін, Желтоқсан оқиғасы қалай болғанын жас буынға түсіндіру. Алдымен желтоқсан құрбандарын еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланып, құрмет көрсетілді. Осыдан 36 жыл бұрын қазақ халқының қатырғасын қайыстырып, дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасының куәгерлері Сүйіндік Өскенбаев, Өркен Қожағалиев, Салтанат Бижанова, Бибігүл Қарағұлова, Талия Өскенбаева, Ардақ Жаңабекова кештің қонақтары болды. Кездесу барысында осынау жайттарды көзімен көріп, қатысқан жерлестеріміз қысқаша баяндап, толқынысты сәттерден

сыр шертті. Желтоқсан оқиғасына қалай қатысқандықтары жөнінде естеліктерімен бөлісті. Аязды күні шеруге шыққан ауыр күндерін еске алып, тарихи және тәрбиелік маңызы зор шарадан кеш қонақтары үлкен әсер алды. Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев тәуелсіздіктің ауқымдылығын атап өтіп, жиналғандарды тәуелсіздік мейрамымен қатар тарихымызда ерекше орын бар, халқымыздың қасіреті мен ар-намысына айналған оқиғаның куәгерлеріне естелік сыйлығын табыс етті. Тағылымы мол шараны аудан өнерпаздары рухты әндерімен өрлеп, мектеп оқушылары желтоқсан оқиғасына байланысты өлең-шумақтарын арнады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ХАТШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ

13 желтоқсан 2022 жыл
Аудандық мәслихаттың
кезекті он алтыншы сессиясын
шақыру туралы

№ 17
Ойыл сәлпосы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес

ШЕШІМ ЕТЕМІН:

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті он алтыншы сессиясы 2022 жылдың 26 желтоқсаны күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

- «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» Баяндамашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы
- Ақтөбе облыстық мәслихатының 2022 жылғы 17 тамыздағы №145 «Ақтөбе облысы бойынша үй жануарларын ұстау және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы» және №146 «Ақтөбе облысы бойынша жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын бекіту туралы» шешімдерінің ауданда орындалулары туралы
- Хабарламашы: С.К.Сармұханов - Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының директоры
- Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихат хатшысы: С.Ф.Займолдин

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ

ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, сайлау комиссиясының мүшелігінен шығып қалған бос орынға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны да ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиясының 2022 жылдың 14желтоқсанан бастап 28желтоқсанға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссиясының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-ана-

лары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы,мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2022 жылдың 29желтоқсанына дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-гедейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазын көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

Бос орындар:

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы	Бос орындар саны 1
-------------------------------------	--------------------

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО

МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантное место, выбывшего из членов избирательной комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатов, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представленный политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 14декабря по 28декабря 2022 года представляют в маслихат следующие до-

кументы:

1) сведения о кандидатуре в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4)заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выбо-

рах. Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

В состав одной избирательной

комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнении, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.


Прием представлений по составу избирательной комиссий осуществляется до 29декабря 2022 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул.Курмангазина 43.

Ответственное лицо - Досов МыңжасарКемалханұлы, междугородный телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 87022784699, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

Районная территориальная избирательная комиссия	Число вакантных мест 1
---	------------------------

ҰБТ-ҒА ӨТІНІШ КАБЫЛДАУ БАСТААДЫ



Қаңтар айында өтетін ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш қабылдау 20 желтоқсанда басталып, 6 қаңтарға дейін жалғасады. ҰБТ-ға тіркелу Ұлттық тестілеу

орталығының app.testcenter.kz. сайтында жүргізіледі. Тестілеудің өзі 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында өтеді. Азаматтар тестілеу өткізілетін орынды, күнді

және уақытты өздері таңдайды. ҰБТ-2023 форматында өзгерістер жоқ. Алайда, «Қазақстан тарихы» (20 сұрақ) және «Оқу сауаттылығы» (15 сұрақ) пәндерінің тест тапсырмалары санына өзгерістер енгізілді.

«Қаңтардан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсырады. Тестілеуге дайындықты жақсарту мақсатында біз оқу жылының басында информатика бойынша ҰБТ-да кездесетін терминдер тізімін жарияладық», – деді ҚР ҒЖМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

«ҚАЗАҚПАРАТ»

ИРАН ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНАН

ТАБЫЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

2022 жылы қазан айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы Ғалия Қамбарбекова мен Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының аға ғылыми қызметкері Бағдат Дүйсенов «Архив – 2025» бағдарламасы аясында Иран Ислам Республикасы Тегеран қаласындағы кітапхана қорларына барып, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты қолжазбалармен жұмыс істеп қайтты.

Иран елінің астанасы Тегеран қаласында қолжазба қорлары бай бірнеше кітапхана бар. Соның бірегейі — қолжазбаның мол қоры сақталған Мәжіліс кітапханасы. Бұл кітапхана —алғаш рет Иранда құрылған парламент құжаттары мен алғашқы мәжіліс депутаттарының жеке коллекцияларынан құрылған кітапхана.

Бұл күнде Мәжіліс кітапханасының қорында 43 272 қолжазба сақтаулы тұр. Қолжазбалар негізінен араб және парсы тілдерінде жазылған. Бұл қолжазбалардың тақырыптық ауқымы да саналуан. Негізінен қолжазбалардың үлкен бөлігі діни және әдеби тақырыпқа арналған деуге болады. Алайда бұл қолжазбалардың ішінде тарихи және географиялық, сапарнамалар мен естелік шығармалар да аз емес.

«Архив – 2025» бағдарламасы аясында жасалған іссапар барысында бірнеше дереккөзді анықтау мүмкін болды. Оның бірі “Шахнаме Чингизи” атты тарихи дастан. Бұл тарихи дастанның авторы – Шамсуддин Кашани. Илхандар әулетінің билеушісі Сұлтан Әбу Саидтың тұсында өмір сүрген Шамсуддин Кашани Шыңғыс ханның ерлігіне арналған тарихи жыр жазып, оны Сұлтан Әбу Саид Бахадүрге сыйға тартады. Алайда ол кезде Сұлтан Әбу Саид Бахадүр дүниеден озады да бұл шығармамен таныса алмайды. Шығарманың аты “Шахнама-йе Чингизи” деп атаған себебі Фирдаусидың танымал “Шахнама” поэмасына еліктеп таңдағанын автор өзі еңбегінде атап көрсеткен. Өлең түрінде баяндалған тарихи оқиғада Дешті Қыпшақ жерін мекендеген көптеген түрік тайпалары, бүгінгі Қазақстанның жер-су атауларына қатысты атаулар көптеп кездеседі. Аталмыш жырдың бірнеше нұсқасы бар. Оның бірі Мәжіліс кітапханасында сақталса, енді бірі Тегеран университеті Орталық кітапханасында сақталған. Әдетте тарихи жырларды халықтың еңсесін көтеру мақсатында жазатын болған. Алайда Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының ерлігіне арналған жырды жазудағы мақсаты не еді деген заңды сұрақ туындайды. Шамсуддин Кашани ақын ретінде елге кеңінен танылып кете қоймайды. Сондықтан автор сол кездегі Ирандағы билеуші Сұлтан Абу Саид Бахадүрді таңқалдыру үшін және сол арқылы өзінің ақындық қабілетін көрсету үшін осы жырды жазғанын аңғару қиын емес. Алайда моңғолдардың Ирандағы билігі тұсында парсы тілінде Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының ерліктерін дәріптеген шығармалар жазылған болатын. Олар: Жамиғ ат-тауарих, Жахангушаи Жувайни, Тарих-и Вассаф, Тарих-и Хафиз Абру және т.б. Зерттеушілердің пікірінесе осыншама ауқымды еңбектердің тасасында қалып қалған бұл тарихи жыр әлі де тиісті бағасын алмаған.

Тағы бір назира аудартқан шығарма “Қашғар тарихы” деп аталады. Атауы шартты түрде берілген деген мәліметті қолжазбаның форзац бетінен кездестіреміз. Бұл шығарма басында түрік (осман) тілінде Осман сұлтандарының тапсырысымен жазылған. Бірақ іле-шала парсы тіліне аударылған. Негізгі автор – Мұхаммед Атифбек. Ал парсы тіліне сол кездегі Иран шахы Насираддиннің тапсырысымен аударылған. Аудармашы – Қажар әулеті патша сарайының бас аудармашысы «тәржіме баши» Мұхаммед Хасан хан. Аударма 1303 жылы 20 шағбанда жазылған (1886), ал 1307-жылы (1890) Мирза Риза ибн Әли Насауажи қайта көшірген. Аудармашы «Жарраһ» деген лақап атпен танылған. Мұхаммед Атифбек бұл шығарманы 1886 жылға дейін жазғаны белгілі. Шығармада Қашғарда билік құрған билеушілер Әмір Темір заманынан бастап XIX-ғасырға дейінгі тарихы қысқаша баяндалады. Маңызды қалалары ретінде Ақсу, Йаркенд секілді қалаларды атап көрсетеді. Сонымен қатар Ауғанстан, Кабул, Бадахшан, Памир, Хорезм және Қыпшақия жері туралы да қызықты мәліметтер қамтылған. Бір қызығы “Қыпшақия жері туралы баяндамдан енді осы жерде билік құрған патшалардың атын келтірейін деп” табица түрінде Қыпшақия билеушілерінің тізімін береді. Таблицада патшаның аты-жөні мен дүние салған жылдары көрсетілген. Тізімнің басында Жучи хан ибн Чингиз хан тұрса, ең соңында Шах Ахмад хан тұр.

Сонымен қатар, таблицада әр ханның билігі тұсында орын алған маңызды тарихи оқиғалар жазылған. Бұл жазулар диоганалды түрде және ұсақ әріптермен жазылғандықтан оқылуы қиын екенін айта кеткен жөн. Бұдан басқа Хорезм аймағын баяндағанда онда негізінен төрт маңызды тайпалар бірлестігі бар екендігі айталады. Олар: қаңлы-қыпшақ, үнқұлмаңғыт, ұйғыр-тайман (мүмкін найман?) және қият-қоңырат. Билік негізінен соңғы топтың қолында деп жазады автор. Бұл шығармада Қалмұқстан мемлекеті, яғни қалмақтар туралы да біршама мәліметтер кездеседі. Олардың 150 тайпадан тұратыны мен тайпалық ерекшеліктері де сөз болады. Бір қызығы аудармашы Мұхаммад Хасан хан автордың сөзін аударып қана қоймай оған қосымша түсініктер мен толықтырулар жасаған. Мысалы Ауғанстан деп аталатын шағын бөлімнің аудармасынан кейін «Аудармашыдан қосымша» деп жазып оның астына автор Ауғанстан туралы аз жазғандықтан бұл мәліметті толықтыруды жөн санадым деп біршама мәліметтерді аудармашының өзі қосып жазған. Одан басқа «Ғибрат» деп тақырып қойып осы патшалардың, билеушілердің, сұлтандардың өмірінен не түйеміз деп аудармашы сұрақ қояды. Сосын сол сұраққа өзі жауап береді. Ислам әлемінде бірлік жоқ, билеушілер бірігіп бас көтеріп бір-біріне болыспы, қажет жерінде келісіп билік құруды білмейді. Сол себепті де артта қалып барады. Бір кездері ұлан байтақ жерге ие болған ұлыстар бұл күндері ағылшындар мен орыстардың қыспағанда қалды деп ашынады. Бұл сөздерге қарап аудармашының осы еңбекті аударған кезі XIX ғасырдың ауыр да ащы шындығын

жеткізуге тырысқанын аңғару қиын емес. Сондай-ақ аудармашының көзі ашық, бірнеше білді меңгерген, ағартушы әрі ислам елдерінің бірлігін қалаған азамат екенін байқаймыз. Жалпы, шығарма қай жағынан алып қарасақ та қызықты және сан алуан мәліметтерге толы.

Бұдан басқа қолға түскен тағы бір шығарма «Ауған, Кабул, Бұхара, Хиуа және Қоқанд билеушілерінің тарихы» деп аталады. Бұл еңбектің авторы – Мир Әбдул Карим Бұхари. Шығарманың авторы Бұхара хандығының билігіне Әмір Хайдар төренің (1775-1826) билікке келген (1800-1826) жылдарында өмір сүрген. Бұхара ханының елшісі Мирза Мұхаммед Юсуф ибн Суфи Ражап Бай Киши Бұхари 1222/1807 жылы Осман сұлтанының сарайына, яғни Стамбұлға елші ретінде бір топ адаммен аттанады. Мир Әбдул Карим Бұхари аталмыш елшінің бас хатшысы ретінде бірге аттанады. Мәскеу арқылы ұзақ жол жүріп Стамбұлға келеді. Бұл кезде Осман императорлығының тағында Мұстафа IV (1779-1808) отырған. Бар жоғы екі жыл ғана (1807-1808) билікті болған Мұстафа төртіншінің тұсы тарихи оқиғаларға толы кезең. Ал Бұхарадан Стамбұлға аттанған елшіліктің өкілдері жолға шыққан соң бір жыл өткен соң барлығы дерлік опат болады. Жалғыз тірі қалған тарихи оқиғалардың куәгері Мир Әбдул Карим Осман сұлтандарының сарайында қалып, өз естеліктерін баяндап оны есеп беру ретінде (отчет) жазып шығады. Елшілікке аттанған бір топ адамның қалай қаза тапқандары туралы Мир Әбдул Карим ешбір мәлімет бермейді. Әдетте елшілікке аттанғанда сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша елшілік құрамына сақшылар, жол бастаушылар мен аспаздардан басқа тілмәштар, мәміле жасасқанда шарият тұрғысынан ақыл-кеңес беретін шейх не молда-лар, саясат мәселесі бойынша ақыл-кеңес беретін кеңесшілер, хат пен грамоталарды құжат ретінде дайындайтын кәсіби көшірушілер мен бас хатшы алыс жолға аттанатын болған. Бұхара елшісі де ұзақ та қатерлі сапарға Мәскеу арқылы аттанғанда осындай бір топ адаммен аттанғаны белгілі. Бірақ не себептен бәрі бір жылға жетпей көз жұмып, тек қана бас хатшы тірі қалады деген сұрақ өз зерттеушілерін күтеді. Ал бұл еңбектің авторы әрі Бұхара елшінің бас хатшысы Мир Әбдул Карим сөз жоқ білімді, бірнеше тіл білген, тарихты жақсы меңгерген адам екенін жазған шығармасына қарап білеміз. Мир Әбдул Карим «Өзбек хандары туралы баян» бөлімінде Нәдір шах Үндістаннан қайтып оралғанда Бұхараның билеушісі Абул Файз Субханқули хан (Өбілпейіз хан) – Шыңғыс хан әулетінен шыққан билеуші болатын. Хорезмде Елбарыс хан қазақ – ол да Шыңғыс хан әулетінен шыққан – билеуші еді деп жазады. Сонымен қатар Хорезм, Хиуа туралы баяндағанда қазақтар туралы мәліметтер кездесіп отырады. Бұл оқиғалар XVIII-XIX ғасырлар арасына тиесілі екенін айта кеткен жөн. Парсы тіліндегі шығармаларға тән арасында өлең шумақтары да кездеседі. Бұл еңбектің зерттелуі XVIII-XIX ғасырлардағы Хиуа мен Бұхара хандығы мен оған көршілес елдер, әсіресе сол кездегі Хорезм мен Хиуа маңында өмір сүрген қазақтардың тарихын зерттеуге өзіндік үлесін қосады деген ойдамыз.

Иран қолжазба қорларынан табылған тағы бір қолжазба – “Хикмати Сұлтан Ходжа Ахмад Йасави” деп аталады. Бұл шығарма шағатай түрік тілінде жазылған. Қолжазба Тегеран қаласындағы Мәжіліс кітапханасының қолжазба қорында сақталған. Бірақ тұра осы атпен каталогқа немесе электрондық картотекаға енбеген. Шығарманың кітапханада сақталған аты – “Асари Шах Машраб Намангани” (Шах Машраб Наманганидың еңбегі). Барлығы 270 парақтан тұратын қолжазбаны каталог құрастырушылар біртұтас еңбек деп ойлаған болса керек. Сондықтан шығармаға бір ғана ат берген. Бірақ бұл қолжазбаны парақтай отырып басында бір шығарма, яғни Шах Машрабтың диуаны, ал екінші жартысы Қожа Ахмет Ясауидің Диуан хикмет шығармасы екендігіне көз жеткізілді. Шах Машраб – өзбек классикалық әдебиетінің өкілі Боборахим Машраб (1657-1711). Сопылық тариқатта болған және сопылық сарында өлеңдер жазған ақынды Шах Машраб деп атап кеткен. Сопылық ойлары үшін көптеген қысымға ұшыраған ақын Ауғанстан, одан ары Үндістан жеріне кетуге мәжбүр болып ақы соңында Балх өміршісі оны дарға асып өлтіруге бұйрық береді. Ал қолжазбаның екінші бөлімінде кездесетін Қожа Ахмет Ясауидың “Диуани хикмет” шығармасына келсек, бұл Иран жерінде сақталған осы аттас Ясауи жинағының үшінші нұсқасы деуге болады. Бұған дейін Иран кітапханаларынан “Диуани хикметтің” екі қолжазбасы табылған болатын. Мәжіліс кітапханасының 45 томдық каталогының ешбір жерінде аты аталмаған “Диуани хикмет” осылайша кездейсоқ Шах Машраб диуанымен бірге бір қолжазба етіп көшірілуіне байланысты табылып отыр. Бұл дегеніміз Иран кітапханаларында әлі де Қожа Ахмет Ясауидың “Диуани хикмет” нұсқаларының табылуы мүмкін екендігін білдірсе керек. Екінші жағынан “Диуани хикмет” шығармасы тек түрік халықтарының арасына ғана емес, парсы тілдестер арасында да кең тарағанын білдіреді. Орта ғасырлардан бастап хикметтер жинағы Иран, Үндістан және Анадолы жеріне дейін кең тарағаны белгілі. Одан қала берсе, Иран жерінде көптеген түріктілдес халықтардың тұратынын, тіпті қазақ қандастар мен түркмендердің жаппай қуғын-сүргін кезінде Иранды бас сауғалағанын ескергенде кейбір қолжазбалар осы кездерде Иран жеріне жеткізілуі мүмкін деп шамалауға болады.

Қорыта айтқанда, «Архив – 2025» бағдарламасы аясында Тегеран қаласындағы кітапхана қорларынан бірқатар қолжазбалардың көшірмелері елге әкелінді. Қолжазбалармен жұмыс істеу үлкен ыждағаттылық пен ұзақ уақытты талап ететін белгілі. Олай болса, алдағы уақытта бұл жұмыс өз жалғасын табады деп сенеміз. Алдағы уақытта елге әкелінген қолжазбалар зерттеліп, ғылыми айналымға енетін болады.

Ғалия Қамбарбекова,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы
Шығыстану факультеті.

КӘДІМГІ ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯСОВ



Редакцияға Табыл аға келді. Табыл Құлыясов. Журналист, жазушы, жерлесіміз. Қоғам өміріндегі қысқартпа, па-сық тірлікке жаны шыдамай, сын-сықақтың улы жебелі садағын қолға алып «қан майдан» ашқан ағамыз. Фельетон, сын-сықағын сонау бір жылдары республика-лық баспасөзде бірінен соң бірін жариялап, кітаптан соң кітап шығарған ағамыз кейінгі кезде пу-блицистикаға, тарихи деректер-ге сүйенген сүбелі шығармалар жазуға ден қойды. Елден жырақ жүрсе де соңына ерген іні-қарындастарына тірек болып жүретін («сырттай сыйлас танысынан — Табылдың, айна-лып ел баласына бесінші» Есен-бай.) Табыл ағамызбен әңгімеміз ел тіршілігіне құрылды. — Адам басқа жерде жүрсе туған жердің қадірін біледі. Маған соғыс жылдары еңбекті сүюді үйретті. 9-10 жаста кол-хозда жесір әйелдермен, қыздар-мен, 5-6 шал-шауқанмен жұмыс істедім. Ойыл орта мектебін 20 жасымда бітірдім. Менен де үлкен жігіттер болды. Негізінен туған жерім — «Жетікөл» кеңшарының Қаракөл бөлімшесі. Әкем ел басқарып 1937 жылы нақақ жаламен сот-талып кетті. 10-класс бітіргеннен кейін комсомолдық жолдамамен «Дзержинский» деген кеңшар-да комсомол хатшысы болдым, жылқы бақтым, бригадир бол-дым. Бір-екі жылдан кейін ау-дандық газетке корректор болып жұмысқа кірдім. Редакторымыз Самат Мұқанбеталин деген кісі еді. 60-жылдары Байғанин мен Ойыл ауданы өзара социалистік жарысқа түсіп, ақын Мұқтар Құр-маналиннің ұйымдастыруымен өткен айтысқа да түскем. Әбілқай-ыр Сисембаев деген ақынмен ай-тыстым. Шығармашылықты сол айтыспен, ақындықпен бастадым. «Ойыл валсы» деген ән жаздым. Елде әлі күнге айтатын көрінеді. Содан прозаға, оның ішінде де-ректі жанры — фельетонға кет-тім. Бұл — «Сен тұр, мен атайын» жанр. Кеңес үкіметіне керек жанр болды. Фельетон жазғасын онша жағдай-ың болмайды. Соңына түседі, қиындық та кездеседі. Сонымен, Орталық партия комитетіндегі Сапар Байжановтың ара түсуімен Көкшетаудың облыстық газеті-не кеттім. Онда Естай Мырзах-метов, Еркеш Ибрагим тәрізді ақын-жазушылар істеді. Еркеш Ибрагим — мықты ақын, қазақ поэзиясында очерк тәріздес по-эзияны әкелген адам. Сол Еркеш екеуіміз сырлас болдық. Кейде тақырыптар алмастырып жүрдік. «Бір келіншек» деген өзімнің туған жеңгемнің оқиғасын ай-тым, ол осы аттас поэмасын жазды. Бір түнде жазып шықты. Еркештің сюжеттерін алып мен сықақ әңгімелер жаздым. Содан Жамбыл облысына қа-рай ауыстым. Облыстық газетіне

бардым. Сонан кейін жаңадан Торғай облысы ашылып жатқан кезде Орталық Комитет қазақ радиосының тілшісі етіп жіберді. Меншікті тілші болып сол облы-ста 20 жылдай істедім. Сүйтіп жүргенде Қонаевтың сын-сықақ журналын ашу жөніндегі қаулысы шықты. «Алматыға кел, үй-жай береміз» деген ұсыныс болды. Телевидение және радиохабар-ларын тарату комитетінің «Фи-тиль» сияқты «Жебе» деген сын-сықақ журналының 1978-1980 жылдар аралығында 30 нөмерін шығардым. Министр Хасеновпен ақылдасқанда айттым: «тек қана заң орындарымен бірігіп шыға-руымыз керек» деп, «сын, мін тағу үшін кім телевидениеге тұм-сығын көрсеткісі келеді? Олармен бірігіп істемесе болмайды» деп, сонымен, сол уақыттағы КГБ, Жоғарғы сот, Халықтық бақылау комитеті, қаржы органдары — осылардың барлығымен келісіп, бақылау комитетініңорганы қылып сатиралық кино журнал-ды шығардым. Үй жағдайы бол-май, кейін өз тіршілігіммен кеттім. Торғай облысына келгенімде, ол жабылды. Мен енді Ақтөбеге сұрандым. «50-ге келдім, туған жеріме барайын жақындайын, ағайын-тумама қызмет етейін» деп. Келіспей, Ақмолаға жіберді. 1988 жылы телевидение-радио-ның тілшісі болдым. — Біздің облыстық газетте істедіңіз бе? — Ол уақытта Темір облыстық га-зеті ғой, территориялық. Тауман Төре-ханов, Мыңбай, Жаншаа апай т.б. адамдар жұмыс істеді. Осы «Ақтөбе» өлкелік болды да, ол территориялық облыстық газет саналды. Көп адам болған жоқ. — Шығармашылық беталысыңыз қалай? — Сонау ертеректе, 1955-1956 жылдарда «Жұлдыз» журналы-на материал апарып бергенімде, ақын Жұмағали Саин кездесіп, қарап, ақыл-кеңес берген Алле-гория — сықақтың бір жанры. Со-дан бері анда-санда бір шығарма жазудың алдында, ие, болмаса шығарма жазып болғаннан кейін тыныстау кезінде аллегориялық шендестіру сияқты дүниелер жа-затынымын. Оны бір кітапқа дай-ындап жүрмін 20-ға тарта кітабым шықты. Олардың біразы — сати-ра. «Күлкіграмм», «Сауда сақал сипағанша», «Кесілген бұрым», «Ши оқ», «Қаратерең» т.б. зама-нына байланысты кітаптар. Қазір «Ақмылтық» деген кітап жазып жүрмін Бұл — негізінен Астананың тақырыбы. Қала ту-ралы. Астана қаласы туралы еш-кім әлі жаза қойған жоқ. Әйтеуір естімедім. Бірақ кім қалай жазса да, менің жанрым бөлек. Басты кейіпкерлерім — екі көше сыпы-рушы адам және 3-4 дипломы бар адамдар. Қалаға күн көру үшін келгендер, отбасын асырау керек. Біреуі — шетелден келген қазақ. Негізгі оқиға шындыққа негізделген Шындыққа бейімдел-

се оқушыларға тиімді. Қазақтар алай-түлей боранды «ақмылтық» дейді ғой... — Жаңа біздің газетте жария-ланған Есенбай ағамыздың өлең-дерінің ішінде өзіңізге арналған «Сынған айна» деген өлеңді оқығанда көңіліңіз бұзылды. Бұл жас келгендіктен бе, әлде туған жердегі тебіреніс бөлек пе? — Мен 4-5 жыл бұрын келіп кет-кем. Әр келген сайын жаңа өзгері-стердің куәсі боламын. Өмір жыл-жиды. Мысалы, салынып жатқан жаңа үйлерді көресің. Табиғаттың өзін көресің. Бұрын келгенде, онша көңіл бөлмейміз бе?.. Қо-станайдан бері қалың қар жатыр екен — қуанасың. Қар халықтың ырыздығы ғой, егіні... Халық на-рыққа байланысты өзінің тірлігін өзі істеп кетті. Мына Ойыл ауданының өзі рынок-тан аман-сау шықты ғой. Облы-стан теміржолдан шалғай жатыр. Ауданның іскерлері белсенділік жазып, мұндағы жер астындағы су — минералды су. Ойылда ішек, іш құрылысы аурулары жойылған. Сол судың арқасы. Ойылдың таза құмы — әйнек жасауға бірден-бір шикізат. Финляндияда ағайынды екі-үш адам кішкентай жабдық қойып неше түрлі әйнек — маши-налардың әйнегі, үйдің жиһаздар-дың бәрін жасап жатыр. Өзімнің көзіммен көргенім — құмының сапасы Ойылдікінен әлдеқайда төмен. Ойылдың құмынан чех хрусталынан әлдеқайда сапалы бұйымдар жасауға болады. Анау, бор. Қазір бетонит деп жүрміз ғой. Оның құрамында бор, гипс, ұсақ-түйек, желім тәрізділер бар. Атыраудың жігіттері «Дендербор-құрылыстан» бор тасып, Астана-да цехтар ашып, бетониттерді өз-дері дайындайды. Біздің Ойылда осындай мүмкіндіктердің бәрі бар ғой. Осының бәрін іскерлеріміз қолға алса, ел гүлдене береді. Экономика жылжыу керек. — Мұрағатқа келіпсіз, бірдеңе із-дестіріп жүрсіз бе?

ОЙЫМДАҒЫ ОЙЫЛЫМ
Табыл Құлыяс
Батырлардан із қалған,
Асан қайғы жыр жазған.
Сағым бұған таулары,
Маған биік құздардан.
Ойымдағы Ойылым,
Байлық толы қойының.
Елең етпей ерлікпен,
Еңсерді нарық құйынын.
Тарихы қалың жатталған.
Ақ тарысы мақталған.
Жүрегі дархан халқының,
Ұлттық тәртіп сақталған.
Ойымдағы Ойылым,
Байлық толы қойының.
Туған жерім, мекенім.
Сөзге тірек етемін.
Атып тұрған ақ таңы,
Даналар халық мақтаны,
Бүгінгі ұрпақ екпінмен,
Гүлденіп жерін жатқаны.

— Біздер, соғыс кезіндегі ұр-пақтар, соғыстан кейінгілер, көбіміз жесірлердің тұқымдары-мыз ғой. Өкелеріміз, ағаларымыз майданға кетті. Жесірлер асырап қалды ғой. Солардың деректерін тауып алсам деймін. Мұрағатта аз ғана отырғанда Мұғалжар ау-данының 4-5 әйелінің жасаған еңбектерінің деректерін таптым. Олардың алды 80-нен асып кет-кендер. — Орынбор мұрағатынан не та-пытыңыз? — Орынборда осыдан бір-екі жыл бұрын болдым. «Қаратерең» деген кітабым шықты. Ол През-иденттің кітапханасына кетті, сауда орындарына түскен жоқ. Материалдар жинақтап жүрген-де барғанмын. Мұрағат — та-рихымыз. Өз тарихымызға өзіміз мұқият болуымыз керек. Мына орыс жерінде заманына байла-нысты тарихымыз қалып қойды. Онда сотталған адамдардың ұр-пақтары арамызда жүр ғой. Мы-салы, «Қара-тереңде» 2000-ға жуық адамның аты бар. Бұрын еш жерде аталмаған Мысалы, түрмедегі әйелдердің. Солардың онының ұрпағы табылып, әке-ше-шелерінің, бабаларының кім

екенін білсе, мен сияқты жазушы үшін бақыт қой. Сол үшін Орын-борда болдым. Мұрағат жағдайы жақсы емес. Бір ғасырдан көп уақыт болған мұрағат. Қағаздар-дың барлығы азып жатыр. Құнды деректі қайткенде елге жеткізу керек. — Өңгімені өз кәсібіңізге бұрсақ. Кезінде фельетонист болдыңыз. Бүгінгі заман тұзу — «сөйле» деп жатыр. Бірақ сатира юморлық, жеңіл әзіп шеңберінде шектелу-де. Улы дүние жоқ. Оған кезқара-сыңыз қалай? — Фельетон жанрын жазатын ұр-пақ келеді деп есептеймін. Сенің кемшілігіңді жаныңда жүрген ада-мың айтпаса — білмейсің. Бала кезімізде біреуді біреу мақтап жатса айтатын «Ой, ит мені өл-тірейін деп жүрсің бе?» деп. «Өзің өзі мақтаған—өлімнің қара басы» деген сөз де бар. Мақтай беру, мақтай беру адамды жардан құлату деген сөз ғой. Фельетон жазып, қоғамды, адамды кемшілі-гінен арылтуға қызмет ету деген қаламгердің парызы деп есеп-теймін. Қазір «Ара» журналының әупірімдеп шығып жатқанына қу-анамын. Редколлегия мүшесімін. Қазір де фельетон жазып тұра-мын. Фельетонның тақырыбы да, деректері де өмірде жетер-лік. Соны фельетонға айналды-рып жазуымыз жетіспей жатыр. Қорқып жатырмыз. Шынында да, жан қымбат қой. Бір бай туралы, оның кемшілігі туралы жазсаң сені киллер жіберіп аттыра салуы да мүмкін. Кеңес үкіметі кезінде кейіпкеріңді немесе өзіңді пар-тиядан шығаратын. Одан ауыр жаза жоқ еді. Қалтасынан пы-шағын суыратын заманға келіп қалып тұрмыз ғой. Шамшылдық, өзінің кемшілігін мойындама-ушылықтың әр жағында надан-дық жатыр. Кемшілігін мойын-даған адамды құрметтеп, жақын тұту керек. — Зейнетақыңыз жете ме? — Өзімнің тіршілігіме жетеді. Қо-сымша «Қазақ елі» газетінде жұ-мыс істеймін. Бұйырғаннан артық ештеңе жоқ. — Қазақ журналистикасы жайлы пікіріңіз. — Рынокты жазуға төселе ал-май жатырмыз. Үкімет өз идео-логиясы, ұлттық идеология үшін өлерменденуі керек. Журналис-тикаға үкімет қолдауы қажет. Өмір — елде. Қалам иелері ел-ден шықпауы тиіс. Қазір «Бас-пасөз — төртінші билік» емес. Әлемдік деңгейде бірінші орынға шықты. Билікті жасайтын, қорғай-тын және қалыптастыратын — баспасөз. «Байлығымнан сүрін-дірсең де, тілімнен сүріндірме» деген қазақ айтқан заман келді. Мұны билік басындағылар, шене-уніктер түсінудері керек. — Біраз жылыңыз Торғайда өтті ғой... — Иә, жиырма жыл. Барып тұрам. Облыс жабылғаннан кей-ін Торғайдың халқы Астанаға жиылды. Ауызбіршіліктері мол бір қауым ел «Өзіміздің, Торғай-дың азаматы» деп қалдырмай-ды. Торғай — ұлылардың мекені болған жер. Сақталған ұлт. Со-лардың ұрпақтары. Торғайда 57 концерт-очерк дайындадым. Таш-кеннен «Торғай толғауы» деген күйтабақ шығардым. — Астанаға халық жан-жақтан құйылып жатыр. Өзіңіз айтқан-дай, торғайлықтар бір қауым ел, Басқасы бар. Байырғы тұрғын ретіндеіп көзқарасыңыз... — Республикалық орталыққа айналған кезде 110-дай мекеме басшысы болды. Қазір олардың барлығы дерлік зейнеткерлікте. Солардың 20 пайыздайы ғана қазақ кадрлары болды. Қазақ кадрларының 40-50 жыл жұмыс істеп орынбасарлықтан аспаған-дары бар. Халық әр түрлі ғой. Ха-лықтың топтасуын өркім әр түрлі қабылдады. Жалпы, астаналық тұрғындар қалыптасып келеді. Айырмашылық, ала-құпалық бар ғой... Қазір «астаналықтар» деген халық бар. Орыстарымыздың өзі ұлттық саясатты қолдайды. Сол қуантады. — Өңгіменізге рахмет!

ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІН ҚАУІПСІЗ ӨТКІЗЕЙІК!



Бүкіл еліміз боп күтетін қуанышты мереке – Жаңа жылда келіп қал-ды. Бұл күні барлық мекемелер алаң болғаны дұрыс. Мысалы, лерде жаңа жылдық шырша ор-натып, ертеңгіліктер мен кештер өткізіледі. Міне 2023 жылды қар-сы алуға дайындық қызу жүріп жатыр, сол күннің шырқы бұзыл-мас үшін оны ұйымдастырушы-ларға өрт қауіпсіздігін сақтау шараларын еске сала кетудің ар-тықшылығы жоқ. Жаңа жылдық мереке кешінде: 1) кемінде екі эвакуациялау жолымен қамтамасыз етілген үй-жайларда ғана пайдаланыла-ды; 2) шыршалар мықты негізге ор-наластырылады және үй-жайдан шығу жолдарында кедергі келтір-меуі қажет; 3) шыршалардың бұталары қабы-рғалар мен төбелерден кемінде 1 метр алашқа орналастырылуы қажет; 4) үй-жайда электрмен жарықтан-дыру болмаған жағдайда, шырша жанындағы іс-шаралар күндізгі уақытта ғана өткізіледі; 5) иллюминация Электр қонды-рғыларын орнату қағидаларының талаптарын сақтай отырып орын-дасыңыз электрмен жарықтан-дыру желісін пайдаланғанда шыршада кернеуі 12 Вольтқа дей-ін кезектесіп жанатын шамдары бар гирляндалар қолданылады. Шамдардың рұқсат етілген қуаты – 25 Ватт. Иллюминацияда ақау байқалған жағдайда (сымдардың күйі, шамдардың ақаумен жануы, ұшқын шығуы) ол дереу сөндірілуі қажет; 7) іс-шараларды өткізу кезін-де өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдардың, өртке қарсы құра-лындардың мүшелерінің кезек-шілігі ұйымдастырылуы қажет. Іс-шаралар өткізілетін үй-жайлар алғашқы өрт сөндіру құралда-рынан өрттің шығуы, адамдар-дың жарақат алуы және мертігуі өбден мүмкін. Мұндай заттарды сатып алған-да бірнеше қағидаңыз естеріңізде ұстаған жөн. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдала-

нуға арналған! - отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс. Мысалы, ағаштар мен құрылысы жоқ аула немесе алаң; - таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар объектілер, авто-машина тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метрден кем радиуста болмауы тиіс; - отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқан-дар, құраған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенет ұшқын түскен болса, өртенуі мүмкін; - өткір жел болған кезде желге қатысты қауіпті аймақтың көлемін 3-4 есеге ұлғайту қажет; - көрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтама-сыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұй-ымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет; - егер сіздің аулаңыз шағын әрі тар болатын болса, онда жоғары қарай ұшатын отшашу түрлерін тіпті қолдануға болмайды. Олар-ды тұрғын үйлер мен құрылыстар-дың қасында мүлде пайдалануға болмайды, олар терезеге немесе желдеткішке түсіп, шатырға өтіп, өрттің себебіне айналуы мүмкін. Ең дұрысы үйден тыс жерге ба-рып пайдаланған жөн. Сонымен қатар мереке кезінде тұрғын үйлерде пешке от жаққан мезгілде, газ плитасын қолданған кезде сақ болыңыздар. Бақы-лаусыз қалдырмаңыздар. Егер сіз бөлме ішінен газдың иісін сезінсеңіз оттық пайдаланбаңыз, электр құралдарын қоспаңыз және өшірменіз үйдің ішін жел-детіңіз. Қауіпсіз пайдалану ере-желеріне немқұрайлы қараған-дықтан арты қайғылы оқиғаға әкеліп соқтыруы мүмкін. Жоғарыда келтірілген талаптар мен ережелерді баршамыз болып сақтап, «Тіпсіз-жауға» жол бер-мейік!! Сәл қана қателіктің салда-рынан өрттің шығуы, адамдар-дың жарақат алуы және мертігуі өбден мүмкін. Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдала-

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Ақшатау орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің кіші қызметкері Алтынбек Алиповке анасы

Сымбаттың

қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғы-сына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебі» КММ ұжымы және кәсіподақ ұйымы кіші қызметкері Қайдар Имановқа аяулы апасы

Сымбаттың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

МӘСЛИХАТ - БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕР

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ҚАШАНДА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТЕДІ. Яғни, ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН ОЙЛАП, СОЛАРДЫҢ СӨЗІН СӨЙЛЕП, БИЛІК ПЕН ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ АРАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН КӨПІР СЕКІЛДІ. ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ ДӘНЕКЕРГЕ АЙНАЛЫП, ТОЛҒАНДЫРЫП ЖҮРГЕН ӨРТҮРЛІ МӨСЕЛЕРМЕН КЕЛГЕН ҚАНШАМА АДАМДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ.СҰРАҒЫНА ҚАРАЙ ЖАУАП БЕРУ, МӨСЕЛЕСІН ШЕШУГЕ ЫҚПАЛ ЖАСАУ СИЯҚТЫ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСТАР ДА ЖЕТЕДІ. ОСЫНДАЙ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ОРТАСЫНДА ЖҮРГЕН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ АЛТЫНЗЕР АҚБИСЕНОВАМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.



-Алтынзер ханым, депутаттық қызметке қалай келдіңіз?

- 2020 жылы ауыл әкімдігінің ұсынысы бойынша, қазіргі «AMANAT» партиясы өткізген праймеризге қатыстым. Алғашында мен үшін жаңалық болған бұл бағыттың қиыншылығы көп болды. Кәсіби қызметінен алшақ салаға бас сұғу кімге болса да оңай болмайтыны анық. Сайлаушылармен кездесу, олардың сұрақтарына жауап іздеу, мамандармен бірлескен жұмыстар менің депутаттық қызметке көзқарасымды оң бағытқа өзгертті. Праймеризден кейін мәслихаттар сайлауы жалғасты. Партияластарымның сеніміне ие болдым.

- Сіздің ойыңызша депутат қандай болуы керек? Өзіңізден кейін депутаттық қызметке келген жастардан не күтесіз?

- Менің түсінігімде, депутат-халықтың үнін билікке жеткізуші. Билік пен халық арасындағы дәнекер. Сондықтан, депутат жауапкершілікті сезінетін, сайлаушылардың сұранысынын қанағаттандыру үшін жүйелі жұмыс жасай алатын болуы керек. Депутатқа жалтақтау, жағымпаздану жараспайды. Жастар-еліміздің ертеңі, болашағы.

Жас депутаттар жастардың қажеттілігін, мұң-мұқтажын билікке жеткізе білсе және сол сұраныстарының оң нәтижеге жетуін назарда ұстаса. Бастаған істерін жауапкершілікпен соңына дейін жеткізсе, қоғамда келеңсіздіктер болмайды деп ойлаймын.

-Өзіңіз сайланған өлді мекен тұрғындары қандай мәселелер көтеріп жүр? Қазіргі таңда көтеріліп жүрген мәселелер қалай шешімін табуда?

-Праймеризге қатысқан кезде Көсембай ауылының тұрғындары ұялы байланыстың болмауын мәселе етіп көтерген болатын. Бүкіләлемдік пандемиямен күрес кезінде бұл мәселе оң шешімін тапты. Қайыңды селолық округі бойынша көтеріліп жүрген мәсе-

лелер: ауыларалық, ауылішілік жолдар, ауылдарды газдандыру, ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жұмыссыздық, маусымдық мал күтімін ұйымдастыру.

Қазіргі кезде аталған мәселелер бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Кемер-Ақжар бағытындағы ауыларалық жолдың жұмысы үстеміздігі жылы бастау алды. Бірақ жұмыс толық аяқталған жоқ. Алдағы жылы жалғасын табады деген сенімдеміз. Ақжар ауылының үш көшесін асфальттау бойынша жоспарлау жұмысы алдағы жылдың еншісінде тұр. Ауыл тұрғындарының сұранысы негізінде, ауылдарды газдандырудың жоспарына 2025-2026 жылдарға енгізіліп отыр. Бұл мәселенің Президентіміздің назарында болуы - біз үшін қуаныш. Жоспарланған мерзімнен бұрын, халық көгілдір отынның қызығын көруі мүмкін деген де үміт бар. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорт алаңдары іске қосылды. Жастар игілігін көруде. Жұмыссыздық, маусымдық мал күтімі – үнемі бақылауда тұратын мәселелер.

-Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан: Гаухар АЛЕКСЕЕВА.

Жарысқа барған жетімеу Бір чемпион, үш жүлдегер



Өткен аптада Байғанин ауданының орталығы Қарауылкөлді селосында «Балалар жылына» орай балалар мен жасөспірімдер арасында бокстан облыстық турнир өтті.

Жас ерекшеліктеріне қарай үш топта

өткен жарысқа біздің ауданнан да жеті жас боксшы қатысып, оның төртеуі жүлдемен оралды. Бокс Ойылда кейінгі жылдары қайта қолға алынғанымен балалардың қызығушылығы басым спорт түрі екені

де рас. КСРО спорт шебері Сейітжан Ермағамбетов жаттықтыратын бокс секциясының балалары нәтижені де көп күттірген жоқ. Бұл жарыстың денгейін оған қатысушылардың санынан-ақ байқауға болады. 186 балғын бокс шаршы алаңда бағын сынаған жарыста 2011 жылы туған балалар арасында 34 кг салмақта өнер көрсеткен Нұрәділ Нұржауғанов шын шеберге тұсау жоқ екенін дәлелдеп, өз салмағында турнирдің бас жүлдесін иеленді. Ал, 66 кг салмақта шаршы алаңға шыққан Исабек Манарбеков екі қарсыласын нокаутпен жеңгенімен, финалда жергілікті балғын боксшыға жол беріп, күміс жүлдегер атанды. Нұрислам Садық та тек финалда жеңілді. 42 кг салмақта жудырықтасқан Асхат Асқар жартылай финалда жеңіліп, қол жүлдені қанағат тұтты.



Мемлекет басшысы Республика күнін 25-қазан деп бекіткені дұрыс болды. Декларация қабылданған күн 1990 жыл әлі есімде. Төлезақраннан мемлекет басшыларының қуанып, ұзақ қол соққанын көрдік. Артынан заңгер, мемлекет қайраткері С.Сартаевтың Тәуелсіздіктің қалай келгенін қуанып түсіндіргенде сезіндім. Декларацияға қол қойған Ерік Асанбаев еді. Тәуелсіз мемлекет қана өзінің тілін, жерін, дінін, ділін сақтап қалады. Сондықтан тәуелсіздік - біз үшін ең басты құндылық. Тәуелсіздікті қорғау және нығайту - әрбір азаматқа, бәрімізге ортақ міндет екенін ұқтым. Тәуелсіздікті нығайтуға нақты іспен үлес қосып жүрген азаматтар баршылық. Сондай үлкен жүректі, заңдылықпен тәртіптің сақталуын мүлтіксіз орындап, білмегендерді үйретіп, түсінігі келмегендерден талап етіп, ішкі істер органында абыройлы қызмет жасап зейнеткерлікке шыққан құрдастың туралы айтпақпын. Себебі ҚР-ы Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Ұлтты ұйыстыратын жеті қағидасындағы» талаптарға сай еңбек еткен және өлі үлесін қосып келеді. Кез-келген нәрсені бар ететін де, жоқ ететін де - сөз бен ұғым. Жүйелі сөз жүрекке жетеді. Оның үсті-

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰСҚА!

не қазақ, ежелден сөз құдіретін түсінетін халық. Еліміздің Тәуелсіздігін нығайтқан тұлғаның бірі - Елемес Ербазыұлымен сырласып, қандай тақырыпта болмасын ой бөліскенде аңғарғаным, оның бойында мемлекетшілдік қасиеттердің жоғары екендігі. Тұлға деген сөзді кез-келген адамға тели беруге болмайды. Ал, Елемес нағыз тұлға! Ол қандай жағдай болмасын мемлекеттік мүддені бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар түсіндіре де біледі. Мүмкін тарихшы болғандығынан шығар. Оның өткен өміріне көз жүгіртсем, әр салада қызмет еткен және абыроймен атқарған. Институтта оқып жүріп спорттың «Самбо» түрімен айналысып, жақсы нәтиже көрсетті, беделге ие болған.

Ойыл халқының Елеместі тануы қызық оқиға еді. Кеңес кезінде шопандар слетімен ат жарыс, спорттың күрес түрі қызықты өтетін. Күрес болып жатқан жерде жергілікті қазақ жігіттеріне, осы елге қызаққа келген шешен ұлтының дәу жігіттері дес бермей абдыратып тастаған кезде, намыстанған арық сары бала ортаға атып шығып, «мен күресемін» дегенде халық шуы тына қалып, «оу, салмағыңа сай емес қой» - деп, аяушылық білдіріп жатты. Не керек айла-тәсілді жақсы меңгерген сары бала дәу 4 шешенді қайта-қайта аяғын аспаннан келтіріп, алып-ұрып жыққанда, қуанбаған адам қалмады. Сол сары бала Елемес Ербазыұлы болатын. Содан оқу бітіріп келіп, Ойыл қазақ орта мектебінде мұғалім болып жүргенде сол кездегі Ойыл АІІБ-нің бастығы Әбдіраман Жаулыбаев спортшы жас жігіттің бола-

ТҮНДЕ ШЫҚҚАН ӨРТ

2004 жылдың аяғы қара күз. Шалқар қаласы қазіргі Ақшолоақов атындағы көшедегі жалғыз татар әйелдің үйі өртеніп жатыр деген хабармен оқиға орынына келдік. Бізге дейін өрт сөндірушілер жұмысын аяқтаған. Екі әйел адамның өртенген денесі табылды, аудан прокуроры шақырылды, сот-дәрігерлік сараптама қорытындысы өлім кісі қолынан болған деген. Үйдің ішін тұтанған сұйық зат, бензин шашып өртеген болар деген болжам жасалды. Бензин заправкілерінен түнде кімдер автомашинамен немесе ыдысқа құйып алғандар тізімі жасақталды. Өртенген үйдің айналасы зерттеліп, сұрастырылды.

Екінші күні екі-үш жастардың баклашкамен бензин сатып алғаны анықталды. Ақтөбе облыстық ішкі істер департаменті бастығының тергеу жұмысы жөніндегі орынбасары бастаған топ көмекке келді.

Үшінші күні тергеу шұғыл топтың жинақтаған материалдар негізінде күдікті үйге тінту жүргізу үшін кірдік, ол үйде жақында босанып келген сотталғандар тұратын. Ол үйден кейбір үй заттары мен видеокассетталарды қосып қарағанда марқұмдардың жанұялық таспа-шаралары болып шықты. Ауданда резонанс тудырған өте ауыр қылмыс жасағандар сотталды. Мен, менің орынбасарым қызмет жөніндегі, тағы бір-екі полиция қызметкері сотталып келгендер тарапынан, қайтара қылмыс жасауға жол бергендеріміз үшін тәртіптік жазаға тартылдық.

шағынасенім білдіріп, жол сілтеп милицияға жұмысқа келуіне себепші болды.

Мен сол жылдары Ойыл АІІБ-нда учаскелік инспектор қызметінде едім.

Елемес Ербазыұлы қызметке келгенде мекемедегі спорт саласы одан әрмен дами түсті. Міндетті қызметін де ойдағыдай жақсы атқарды. Соның нәтижесінде басқа ауданға қызметі жоғарылап ауысып кетті.

Бұл тек Кеңес Одағының уақыты болатын. Біздің салада кадр мәселесіне қатаң қарайтын. Қойылатын талаптары да оңай емес еді. Бірақ сол заманда ішкі істер органының қызметіндегі қазақ ұлты қызметкерлерінің өсуіне кедергілер көп болатын. Дәрежесі мен шендерін Мәскеу бекітіп отыратын.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ — ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАДЫ

Бауыржан Өгізбаев ойға алған ісін орындағанша тыным таппайтын жас кәсіпкер. Биыл көктем шыға Амангелді көшесінде төрт қабырғасы қалқып тұрған «сақалды құрылысқа» жан бітіргенін көргенбіз. Айналдырған алты айдың ішінде көлікке қызмет көрсету орталығын ашып отыр. Қуанышын дос-жарандарымен бөліскен Бауыржан өткен аптада осы орталықтың салтанатты ашылуын өткізді. Көлікке қызмет көрсету орталығының лентасын қиған аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин жас кәсіпкердің ісіне сәттілік тілесе, бауырының қуанышына арнайы ат сабылтып келген апасы Ботагөз шашуын шашып, лебізін білдірді. Одан кейін құтты болсын айта келген қонақтарға дастарханнан дәм ұсынып, аруақтарға құран бағыштады. Ал, көлікке қызмет көрсету орталығы екі бөліктен тұрады. Іші жып-жылы ғимараттың бірінде жылдың кез-келген мезгілінде көлігінді жөндеп, майын ауыстырсаң, екіншісінде машинанды жуып аласың! Қызмет ақысы арнайы терминал арқылы қабылданады. Яғни, төлеген ақшаңа сай өзін жуып аласың! Әрине, Ойылда көлік жуу орталықтары бар. Бірақ, Бауыржанның орталығының артықшылығы үлкен көліктерге де қызмет көрсетеді.

С.ХАМИН.

МЕЙРАМБЕКТИҢ «МЕДИНАСЫ»

АУДАНДА ЖЫЛ САЙЫН ТҮРЛІ КӨСІП КӨЗІН АШЫП, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТҚАН КӨСІП-КЕРЛЕР ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП ЖАТҚАНЫ ҚУАНТАДЫ. «МЕДИНА» КАФЕСІ АШЫЛҒАНЫНА КӨП БОЛМАСА ДА, ӨЗ КЛИЕНТТЕРІН ТАУЫП ҮЛГЕРДІ.

Дәмхананың ас мәзірінде манти, қарын-қуырдақ, лағман, көу-ап, гриль, палау сонымен қатар жастар сүйіп жейтін фаст-фуд өнімдері фри, пицца, суши, до-нер, тауық етінен жасалатын чи-кен бар.

Махито, лимонад сусындарымен қоса, ташкент шайы да осы жерден табылады. Сондай-ақ кафеде шағын отырыстар, туған күн мейрамдарын тойлауға болады. Негізін қалаушы Мейрамбек Кенжебаев -Біздің кафенің мәзірінде тағамның бірнеше түрі, сонымен қатар сусындардың да түрі бар.Тауық етінен жасалатын жастардың сүйікті тамағы чи-кенді де сапалы дайындаймыз. Оны осында келіп, тамақтанған



клиенттердің жылы пікірлерінен байқауға болады. Клиенттердің сұранысына сәйкес тез арада дайындап береміз. Тамақтың бағасы да қолжетімді» - дейді жас кәсіпкер.

«Кәсіп болмай, нәсіп болмас» деген қағиданы ұстанған Мейрамбек алдағы уақытта мемлекет тарапынан жеңілдіктер мен төмен пайызбен несиелер берілсе кәсібін кеңейтпек ниеттен екенін айтады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, жас азаматтың

алғашқы кәсіпкерлік бастамасы көпке үлгі боларлық.

-Алдағы уақытта аудан халқы үшінбарынша сапалы адал ас тұтынсам дейді.

Әзірге 3 адамды жұмыспен қамтып отырмын. Тағамды жеткізу қызметі де бар. Қазіргі уақытта маман аз, аспаздықты тек шәкіртақы үшін оқиды. Халық тегінге жүгіріп, уақыт деген несібесі тәгіліп жатқанын сез-бейді»- дейді Мейрамбек Кенжебаев.

Мақала Ойыл ауылдық округінің әкімдігімен бірлесе дайындалды

даған шәкірттері бар. Солардың арасынан ауданның ішкі істер бөлімінің бастығы болғандарын атайтын болсақ, полиция полковниктері Ардақ Сүйіндіков, Қайрат Ақшолоақов, Арман Құрметов және марқұм Мұрат Бекетаевтар еді.

Елемес Ербазыұлы Темір мен Ойыл ауданының «Құрметті аза-

САМОЛЕТПЕН ҚАЙТҚАН СИЫР

Ырғыз ауданы Ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары кезім. Жазғы уақыт таңғы 6:30-дар кезі, кезекші Болат Ақашев Ырғыз селосының шет жағында сиыр саууға шыққан иесі сиыры жоқ бұзау мөңіреп тұрғанын байқады. Сол түні Ырғызға сирек те болса жауатын, жаңбырлы болған. Сырдың ізі жауыннан кейін сайрап аэропортқа алып келді. АН-2 ұшағына дейін келген басқада қойдың іздері және анық түскен ер адамның аяқ киімінің ізі. Оқиға болған жердің құжаттамаларын толтыру және іздестіру жұмыстары барысында аэропорт күзетшісінің аяқ киімінің ізіне ұқсайтыны анықталды, ол сиырды ұрлап, таң біліне самолетке тиіп жібергенін мойындады. 1987 жылдары бартерге жеміс-жидекпен сауда жасап тұрғындардан қой сатып алған, таңата Қызылорда қаласына ұшқан, бортында ұрланған сиыр бар самолет келесі күні Ырғызға ұшып келді. Малы табылған иесі өзім ұшпасамда, сиырым Қызылордада ұшып барып келді деп рахметін айтып баспасөз бетіне мақала жариялағаны бар.

маты». Облыстық Ішкі істер департаментінің ардагерлер қоғамы ұйымының мүшесі.

Тілеген АЛДАНАЕВ, ІІО-нің отставкадағы подполковнигі.



Құттықтау

Ойыл селосының тұрғыны Ермағанбетов Қанат Болатұлы 24 желтоқсан күні толатын 40 жасымен құттықтаймыз!

Ат жалын тартып, қамал бұзатын 40 жасқа келген туған күніңізбен құттықтаймыз! Сіз талап пен жігер жетелеген өмір өрісінде өзгелерден озып қараландыңыз. Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз бере-келі, әр күніңіз мерекелі болсын!

40 деген көнбейтін жас құрыққа,

40 деген ұнайтын жас бар жұртқа.

Қамал алған құтты болсын жасыңыз,

Өрлей берсін өрге қарай тасыңыз.

Игі тілекпен: Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі

